

Фармацевтикалық білім беру бағдарламаларының жобаларын басқару тобы (ЖБТ)
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша ОӘБ ҚР ОӘК
2026 ж. 26 маусым
Хаттама №11

Отырыстың онлайн форматы
ЖБТ үйлестірушісі «ОҚМА» АҚ
Отырыстың басталуы: 20.00
Қатысқандар: 23 қатысушы

Модератор: Ибрагимова А.Г. – ЖБТ жетекшісі, ф.ғ.к. (фармацевтика ғылымдарының кандидаты), ОҚМА (Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы).

Қатысушылар:

1. Оразбаева П.З. – Фармация мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD. «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.
2. Шмирова Ж.К. – ф.ғ.к., Фармацевтикалық істі ұйымдастыру және басқару кафедрасының меңгерушісі, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ.
3. Сагинбазарова А.Б. – Фармацевтика ғылымдарының кандидаты, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ.
4. Қожанова К. К. — ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ Инженерлік пәндер кафедрасының меңгерушісі.
5. Лосева И.В. – б.ғ.к., доцент, Фармация мектебінің деканы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ.
6. Абленова А.Т. – Биохимия және химиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «Семей медицина университеті» КеАҚ.
7. Утепова Д. Б. – «АМУ» КеАҚ Ғылыми-зерттеу қызметі орталығының бас маманы.
8. Түлебаев Е.А. – PhD, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, «Bolashaq» Академиясы.
9. Тлеубаева М.И. – PhD, қауымдастырылған профессор, ФҰЭЖКФ кафедрасының доценті, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
10. Тулегенова Г.А. – мед. ғылымдар магистрі, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан университеті» КеАҚ.
11. Каюпова Ф.Е. – фарм. ғылымдар к-ты, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ЖМББМ.
12. Берденов Д. К. – «Фундаменталды медицина» кафедрасының меңгерушісі, «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» КеАҚ.
13. Серикбаева А.Д. – ф.ғ.к. Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасының доценті, «ОҚМА» АҚ.
14. Анарбаева Р.М. – Комитет төрағасының орынбасары, профессор, Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының профессоры, «ОҚМА» АҚ.
15. Кантуреева А.М. – PhD, Фармацевтикалық технология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
16. Омари Азиза Мукатайқызы- фармация мектебінің деканы, АМУ
17. Устенова Г.О. – ф.ғ.д., профессор, Фармацевтикалық технология кафедрасының меңгерушісі, «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КеАҚ.
18. Асильбаева Д. А. – Доцент, Фармацевтикалық пәндер кафедрасының доценті, «Астана медицина университеті» КеАҚ.
19. Келимханова С.Е. – Профессор, Фармацевтикалық пәндер кафедрасы, «Қазақстан-Ресей медицина университеті» ЖМББМ.

20. Ордабаева С.К. – профессор, Фармацевтикалық және токсикологиялық химия кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ.
21. Токсанбаева Ж.С. – профессор м.а., Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының меңгерушісі, «ОҚМА» АҚ.
22. Сейдалиева С.К. – фарм.ғ.м., Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының аға оқытушысы, «ОҚМА» АҚ.
23. Туреханова А.С. – мед.ғ.м., Фармакология, фармакотерапия және клиникалық фармакология кафедрасының оқытушысы.

Күн тәртібі:

1. «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша МЖБС жобасындағы базалық пәндер циклдары (БП МҚ) бойынша кредиттерді бөлуді талқылау.
2. «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша МЖБС жобасындағы пәндердің БП МҚ мазмұнын талқылау.

Отырыстың барысы:

Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша:

А.Г. Ибрагимова сөз сөйлеп, фармацевтикалық білім беру бағыты бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын (МЖБС) өзектендіру шеңберінде пәндер циклдары бойынша кредиттерді бөлу жобасын талқылауға ұсынды. МЖБС жобасында келесідей жалпы еңбек сыйымдылығын айқындау ұсынылғаны атап өтілді:

- жалпы білім беретін пәндер циклы (ЖБП) – 46 кредит;
- базалық пәндер циклы (БП) – 140 кредит;
- бейіндеуші пәндер циклы (БП) – 160 кредит;
- қорытынды мемлекеттік аттестаттау (ҚМА) – 4 кредит.

Талқылау барысында ЖОБ (ГУП) мүшелері БП циклы ішінде кредиттерді бөлуге бірыңғай тәсілдің қажеттілігін атап өтті, өйткені жоғары оқу орындарындағы пәндердің тізбесі мен атаулары әртүрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты міндетті компоненттің (БП МҚ) және жоғары оқу орны компонентінің / таңдау бойынша компоненттің (БП ЖОК/ТК) бірыңғай көлемін анықтау, сондай-ақ пәндердің шамадан тыс тар және ұзақ атауларынан аулақ бола отырып, міндетті компоненттің мазмұнын үйлестіру ұсынылды.

Ұсынылған кредиттерді бөлу құрылымы:

Цикл / компонент	Кредиттер	Ескертпе
БП	140	Базалық пәндер
соның ішінде БП МҚ	116	Базалық пәндердің міндетті компоненті
оның ішінде БП МҚ құрамындағы практика	5	Практикалық дайындық
практикасыз БП МҚ	111	Теориялық міндетті компонент
БП ЖОК/ТК	24	Жоғары оқу орны компоненті / таңдау бойынша компонент

Е.А. Тулебаев БП МҚ циклын тек 1–2 курс пәндерінің тізбесі ретінде қарастырмау керек екенін атап өтті. БП МҚ-ның жекелеген пәндері 3-курста оқытылуы мүмкін және бейіндеуші пәндер үшін, соның ішінде фармакогнозия, фармацевтикалық химия және дәрілік қалыптар технологиясы үшін қажетті пререквизиттер болып табылады.

М.И. Тлеубаева жоғары оқу орындары арасында пәндерде айырмашылықтар болған жағдайда, БП МҚ барлық білім беру ұйымдары үшін бірыңғай және салыстырмалы болуы үшін міндетті компонентті үйлестіру қажеттілігіне назар аударды.

А.Г. Ибрагимова фармацевтикалық кадрларды даярлау үшін қажетті іргелі және медициналық-биологиялық бағыттағы пәндерді БП МҚ құрамына енгізуді қосымша талқылауды ұсынды.

С.Қ. Ордабаева фармацевтикалық химия, дәрілік заттар технологиясы, фармакогнозия және фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру бойынша базалық білімді қалыптастыратын пәндерді, олардың кейінгі оқу мен аралық аттестаттау үшін пререквизит ретіндегі рөлін ескере отырып, БП МҚ құрамында сақтау қажеттілігі туралы пікір білдірді. Осы орайда, дәрілік заттарды зерттеу мен талдаудың жалпы әдістерін мерзімінен бұрын алып тастау бейіндеуші пәндерді әрі қарай меңгеруді қиындатуы мүмкін.

БП МҚ міндетті пәндері ретінде іргелі, медициналық-биологиялық, фармацевтикалық және клиникалық-фармакологиялық құзыреттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз ететін пәндерді қарастыру және енгізу ұсынылды.

ЖОБ мүшелері ұсынылып отырған кредиттерді бөлу фармацевтикалық кадрларды даярлау логикасына сәйкес келеді және кейіннен бейіндеуші пәндерді меңгеру үшін қажетті пререквизиттердің сақталуын қамтамасыз етеді деген ортақ пікірге келді.

Шешімі:

1. МЖБС-дағы кредиттерді жобаланған бөлу туралы ақпарат назарға алынсын: ЖБП – 46 кредит, БП – 140 кредит, БП (бейіндеуші) – 160 кредит, ҚМА – 4 кредит.

2. 1-қосымшада көрсетілген 116 кредит көлеміндегі БП МҚ пәндері «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша МЖБС-ға енгізу үшін ұсынылсын.

Екінші мәселе бойынша:

А.Г. Ибрагимова жұмыс кестесінде ұсынылған базалық пәндердің (БП МҚ) мазмұны мен оқу нәтижелерін (ОН) талқылауға шығарды. Талқылау барысында қатысушылар пәндердің мазмұнын, оқу нәтижелерінің мамандарды даярлау мақсаттарына сәйкестігін және білім беру бағдарламасының құрылымындағы пәндердің сабақтастығын қарастырды.

Талқылау қорытындысы бойынша «Фармацевтикалық істі ұйымдастыру», «Ботаника» және «Органикалық химия» пәндері бойынша мазмұн мен оқу нәтижелеріне түзетулер енгізілді. Қатысушылар оқу нәтижелерінің нақтыланған тұжырымдарын олардың пән мазмұнына және МЖБС талаптарына сәйкестігін ескере отырып келісті.

Еңбек сыйымдылығы әртүрлі пәндер үшін оқу нәтижелерінің саны туралы мәселе бөлек талқыланды. Талқылау қорытындысы бойынша көлемі 8 кредит болатын пәндер үшін 5–6 оқу нәтижесін белгілеу туралы шешім қабылданды, бұл пән көлемі мен жоспарланған оқу нәтижелері арасындағы оңтайлы арақатынасты қамтамасыз етеді.

Пәндер мазмұны мен оқу нәтижелерінің қорытынды келісілген редакциясы дайындалып, Excel кестесінің соңғы нұсқасында (2-қосымша) ресімделді.

Шешімі:

1. 2-қосымшада көрсетілген 116 кредит көлеміндегі БП МҚ пәндерінің мазмұны «Фармация» білім беру бағдарламасы бойынша МЖБС-ға енгізу үшін ұсынылсын.

ЖБТ төрайымы

Хатшы



Ибрагимова А.Г.



Туреханова А.С.